

"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы № 3614 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 15 қазандағы № 928 Жарлығы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті м е н Ү к і м е т і а к т і л е р і н і ң
жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы №3614 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., №36, 337-құжат; 2008 ж., № 20, 182-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты туралы ережеде:

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«- Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы және оның тиісті орынбасары белгілеген ағымдағы және перспективалық міндеттерді негізге ала отырып, өз қызметін жоспарлауға;»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Институт Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің жалпы басшылығымен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тиісті орынбасарының жедел басшылығымен жұмыс істейді.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті Қазақстан Республикасының Н.НАЗАРБАЕВ.